

Шымкент қаласының білім басқармасының «Жас Дарын-2» бастауыш мектебі ЖШС

2025 жылдың 29 тамыз күні өткен педагогикалық кеңестің

№1/1 хаттамасынан көшірме

Төрағасы: Б.М. Шеримов

Хатшы: С.Н. Дарханқызы

Қатысканы: 40

Қатыспағаны: жоқ

Күн тәртібінде:

1. Мектептің өзін-өзі бағалауды өткізу туралы.

Тыңдалды:

Мектеп директоры Б.М. Шеримов Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығы, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» заңының 59-бабы, Оқу-ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің «Шымкент қалалық білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің» 23.10.2024 ж №634 бұйрығымен таныстырды. Осы бұйрықтарға сәйкес мектептің 2025 жылғы 29 тамыздағы «Мектепті өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу туралы» №103 бұйрығы негізінде білім беру қызметтерінің сапасын көрсету бойынша білім беру ұйымының қызметінің тиімділігін әдіс талдау және өзіндік бағалау мақсатында мектептің өзін-өзі бағалауы 2024 жылдың 02-25 қазан күндері аралығында жүргізілетінін хабарлады. Сонымен қатар мектептің өзін-өзі бағалауды жүргізуге негіз болатын нормативтік құжаттарды атап өтті.


Мектептің өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және өткізу мақсатында құрылған комиссия мүшелерімен таныстырып, құрамын бекітті. Комиссияның өз жұмысын жауапкершілікпен орындау қажеттілігіне, оқу-тәрбие үрдісінде жүргізілетін жұмыстардың мәліметтерімен толық қамтамасыз ету міндетіне тоқталды. Сыбайлас жемқорлық сипатындағы әрекеттерге жол бермеуге әрбір қызметкердің жауапты екендігін ескертті.

Сөйлегендер:

1. Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары И.М. Айвазов мектепте мемлекеттік аттестаттауды ұйымдастырып, өткізу бойынша іс-шаралар жоспарымен таныстырды. 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарындағы өзін-өзі аттестаттау құжаттарын дайындап, мектеп сайтына орналастыру қажет екенін айтты. Аттестаттау құжаттары Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» заңының 59-бабы 4-1) тармағына, Оқу-ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің «Шымкент қалалық білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің» 23.10.2024 ж №634 бұйрығын негізге ала отырып жасалынуы қажеттілігін ескертті.

Қаулы етті:

1. «Жас Дарын-2» бастауыш мектебі ЖШС өзін-өзі аттестаттаудан өткізілсін
2. Аттестаттау құрамы №1 қосымшаға сай бекітілсін
3. Аттестаттау комиссиясының іс-шаралары №2 қосымшаға сәйкес бекітілсін
4. Мектептің өзін-өзі аттестаттауы бойынша құжаттарды әзірлеуді
Құжаттар топтамасы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің «Шымкент қалалық білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментіне 2025 жылғы 25 қазанға дейін ұсынылсын.
5. Құжаттарды дайындау мен әзірлеу директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары А.И.Микаилұлына, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Р.Г. Абдрахманқызына, директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары С.Қайсарқызына, іс жүргізуші С.Н. Дарханқызы жүктелсін.
6. Осы бұйрықты бақылау мен басшылық жасау мектеп директорына жүктелсін.

Директор:  Ф. М. Шермуров
Катша:  С. Н. Дарханқызы